


3.2. ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Арнайы практикумның мақсаты фенол мен нафтолдарды натрий(калий)этилкарбонатпен карбоксилдеу реакциясының түрлі жағдайларының (газды ортаның қысымы, процесті жүргізу температурасы т.б.) мақсатты өнімдер (оксibenзой және оксинафтой қышқылдары) шығымына әсерін зерттеу болып табылады.

Төменде бастапқы карбоксилдеуші агенттер – этилкөмір қышқылының натрийлі және калийлі тұздарын синтездеу әдістемелері берілген.

3.2.1. Этилкөмірқышқылының сілтілік тұздарын синтездеу

Натрийэтилкарбонатты синтездеу



Қажетті реактивтер мен ыдыстар:

- 1 ұшауызды домалақ түпті колба (150 мл)
- 1 кері салқындатқыш
- 1 газ жіберу үшін түтік
- 1 шыны араластырғыш
- 1 бюкс (50 мл)
- 1 пышақ
- 1 пинцет
- 1 Бюхнер воронкасы
- 1 Бунзен колбасы
- сүзгі қағазы
- гексан (25 мл)
- абс. этил спирті (100 мл)
- металл натрий (4,6 г)
- көміртегі диоксиді